




● ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

● СЕМИНАР

Ғылым мен өндіріс ұштасса...

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Семинарға қатысушылар алдымен ҰАҒБО құрылымына кіретін жекелеген ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) дайындаған көрменен танысты. Атап айтқанда, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ, Ж. Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ҒЗИ, сондай-ақ Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-дің «Қайнар» өңірлік филиалы өз жетістіктерін ұсынды. Аталған үш институттың ғалымдары өз зірлемелерін таныстырып, өсімдік, жеміс-жидек, көкөніс сорттары мен өсіру технологияларының ерекшелігі туралы баяндады.



Одан кейін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дің бөлімдер мен зертханаларына экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия жұмысына «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның басқарма төрағасы Шолпан Бастаубаева жетекшілік етті. Ал бөлімдердің жұмысынан менгерушілер мен ғылыми қызметкерлер хабардар етті. Мұндағы мамандар атап өткендей, 1996 жылдан бастап институт экспедициялар ұйымдастырып, өсімдіктердің жабайы түрлерін жинай бастаған. Қазіргі таңда оның генбанкінде 40 мыңнан астам бірегей өсімдік үлгілері сақтаулы. Сақтаудың үш түрі – қысқа, орта және ұзақ мерзімді нысандары қарастырылған. Олар халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді.

Өсімдіктер биотехнологиясы зертханасының меңгерушісі Раушан Ержебаева ондағы жұмыс барысын әңгімелеп, мұнда отандық және шетелдік ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының генетикалық әлеуеті зерттелініні айтты. Семинарға қатысушылар сондай-ақ өсімдіктердің молекулалық биологиялық талдауы, имунитеті мен қорғау, биохимия және астық сапасын бағалау технологиясы зертханаларында болды.

Институт аумағында орналасқан үш зауытты аралау ерекше қызығушылық тудырды. Олар – жүгері, қант қызылшасының тұқымын өңдеу, мал азығы дайындарының жоғары сапалы тұқымдарын өндіру, капсулауға және дәрілеу зауыттары. Бұл жобаларға «Ғылым жоры» АҚ колдау табытуда.

Семинар-кеңес жұмысы бұдан ары институттың конференц-залында жалғасты. Пленарлық отырысты ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков ашып, семинардың негізгі мақсаты – ғылыми әзірлемелерді агроөнеркәсіптік кешенге енгізудің практикалық тетіктерін бірлесе талқылау, сондай-ақ селекция мен тұқым шаруашылығын дамытуға, аграрлық ғылымдар мен ауыл шаруашылығын өндірушілері арасындағы өзара байланысты нығайтуға ықпал ету екенін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығын дамыту және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қазақстанның болашағы мұнай мен минералдарда емес, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған аграрлық салада, – деген Ербол Қуанышұлы аталмыш саладағы қаржыландыру мен субсидиялау мәселесіне тоқталып, дәнді дақылдар мен монодақылдарға, ылғал үнемдеу технологияларын қолдануды, маңыздылығына баса назар аударды.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ басқарма төрағасы Бауыржан Асанов өз сөзінде ғылым мен өндіріс арасындағы өзара байланысты жолға қою қажеттігін алға тартты. Оның айтуынша, отандық аграрлық ғылымдардың жақсы әзірлемелері бар, ендігі маңызды міндет – оларды өндіріске енгізу.

Шолпан Оразқызы биыл институттың алғаш рет уақытылы қаржылан-
дырылғанын жеткізіп, аграрлық ғылымға тиісті қолдау көрсетілсе, ғалымдардың
үлкен жетістіктерге жете алатынын айтты.

Баяндамалар легін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ дің мал азғығы дақылдары зертханасының бас ғылыми қызметкері Ғалиолла Мейірман жалғастырды. Ол малға арналған дақылдарды селекциялау және тұқым шаруашылығы бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар «Жетісу» АӨК және «Абзал и К» ТС сияқты шаруашылықтардың озық тәжірибелері таныстырылды. Семинар барысында өзекті мәселелер де талқыланды.

Қарасай ауданы

● Алма ЕСЕНБАЙ

Инфрақұрылымды жаңғырту және ірі өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру басым бағыт ретінде айқындалған. Микро және шағын бизнесті қолдауға баса назар аударылған. Бұл ретте инфрақұрылымдық қолдау шараларын бір жүйеге келтіретін «Іскер аймақ» бағдарламасы бекітілген.

Үкіметтің 2026 жылға арналған негізгі басымдығы – халықтың табысын арттыру. Бұл ретте өндірістер құруға, кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталған жүйелі шаралар жүзеге аспак. Биыл цифрландыру мәселесіне де айрықша назар аударылмақ. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру жылы аясында экономиканың барлық саласына озық технологиялар мен ЖІӨ-нің және Цифрлық мемлекет құру міндеті қойылып отыр. Алайда бұл

бағыттағы жұмыс тиісті деңгейде жүріп жатқан жоқ. Экономиканың нақты секторында цифрландыру процестері әлі де бастапқы сатыда. Осы күнге дейін салалық деректер қорлары толық қалыптаспай отыр. Осы және басқа да мәселелердің барлығы Үкімет әзірлеген «Digital Qazaqstan» стратегиясында өз шешімін табуы тиіс, ол барлық цифрлық бастамаларды жалпұылттық бағдарламаға біріктіреді.

Олжас Бектенов өз баяндамасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, энергия тапшылығы мәселелерін шешу, өнеркәсіпті дамыту және инвестиция тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға да жеткізілді. Арнайы экономикалық аймақтардың өзінде инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз ету деңгейі небәрі 53%-ды, ал индустриялық аймақтарда

бұл көрсеткіш 48%-ды құрайды. Осыған байланысты Үкімет арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда инфрақұрылымды жеделдамыту бойынша біркратар қажетті шешім қабылдауда. Бұл ретте алдағы үш жыл ішінде Ислам даму банкі қаражатын тарту есебінен жаңа өндірістік нысандарға қажетті инфрақұрылым салуға 1 трлн теңге көлемінде инвестиция тартылмақ.

Премьер-Министр Президент койган міндеттерге сәйкес инвесторларды тарту жүйесі жетілдіріліп жатқанын да атап өтті. Жобалар бастапқы кезеңнен құрылысы аяқталғанға дейін «жасыл дәліз» қағидасы бойынша сүйемелденеді. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылып жатқан Алатау Сити қаласы инвестиция тартудың жаңа орталығына айналмақ.

Кеңейтілген отырыста ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке халықтың табысын арттырып, инфляцияны тежеуді тапсырды. Мемлекеттің тиімсіз шығындарын қысқарту үшін бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажеттігін алға тартты. Барлық мемлекеттік орган жауапкершілікті толық сеніп, тапсырмаларды уақытылы орындауы тиістігін айтты.

(Соңы 2-бетте) ➡

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН

Қазіргі таңдағы қоғамның басты назары – ел талқысына ұсынылған жаңа Конституция жобасы. Бұл құжатты өңірлерде ашық әрі жан-жақты түсіндіру айрықша маңызға ие.

Себебі Конституция жобасы еліміздегі қазіргі саяси және экономикалық өзгерістерді айқын көрсетіп, Қазақстанның алдағы даму бағытын айқындайтын жана бағдарларды бекітеді. Менің ойымша, бұл – болашаққа бағытталған прогрессивті жоба. Онда адам капиталына ерекше мән беріліп, мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі өзегі ретінде қарастырылған. Құжатта мемлекеттің ұзақ мерзімді әрі жүйелі бағыты айқындалған. Атап айтқанда, «Қушті Президент» – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты тетік ретінде көрініс тапқан. Бұл басқару үлгісі білік тармақтарының өзара тепе-теңдігін сақтай отырып, халық алдындағы жауапкершілікті күшейтеді.

Өңірлерде Конституциялық реформаны қолдау белсенді түрде жүріп жатыр. Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің басты басымдығы – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау екені нақты көрсетілген. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік ел дамуының негізгі факторы ретінде айқындалған. Бұл – қоғамды біріктіретін, жауапты әрі жасампаз патриотизмді қасиеттерін нығайтатын қадам.

Мен үшін аса маңыздысы – жаңа Конституция жобасында мемлекеттің орнықты дамуына баса назар аударылуы. Бұл – Қазақстанның әрбір азаматы ел үшін стратегиялық ресурс деген сөз. Яғни мемлекет дамуының түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, болашақ ұрпақ үшін берік әрі әділетті қоғам қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда жаңа Конституция жобасы ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайтып, Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын маңызды құжат болмақ.

Ләззат БАЙДУАНОВА,
Республикалық ғылыми-педагогикалық
кітапхананың әдебиеттерді ғылыми өңдеу
бөлімшесінің басшысы

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Жаңа Конституция жобасы еліміз үшін ең маңызды құжат болғандықтан комиссия отырысында айтылған пікірлер мен ұсыныстарды қалт жібермей қадағалап отырмыз.

Бұл ретте Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның онының отырысында Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенәтін айтқан пікірі көңілден шығады. Ол Қазақстанда бір палаталы Құрылтайды ықтимал тарту тетігін икемді етуі, жаңа Ата Заң жобасында Құрылтайды жасанды түрде тарту қаупін жоюды ұсынды. «Атап айтқанда, 46 және 62-баптардың бастапқы редакциясы негізгі тағайындауларды қайта келісумен бас тартқан кезде Құрылтайдың тартылуын көздеді, бұл «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына сәйкес келмейді. Қоғамда, әсіресе, әлеуметтік желілерде және сарапшылар ортасында Құрылтайды тартуың негіздері қызу талқылановы. Соныоқтан «AMANAT» партиясының фракциясы 46 және 62-баптың «Президент тартмады» деген тұжырымдамасын «Президент тартуға құқылы» деп өзгертуі ұсынады. Осының нәтижесінде Құрылтайды жасанды түрде тарту және саяси дағдарыс мүмкіндігі жойылады. Ұсынылған нақтылау – бұл жүйені іштен шайқалтудан, оны жасанды түрде жасалған келіспеушілік арқылы істен шығарудан және елді ұзаққа созылған институционалдық дағдарысқа тартуға тырысудан сақтандырудың бір түрі. Бұл өзгерістер реформалар логикасына және Әділетті Қазақстан моделіне сәйкес келеді. Сондай-ақ комиссия мүшелеріне 62-баптың екінші тартмағына «Президент ұсынған кандидатураны тағайындауың» орнына «Президент ұсынған әрбір кандидатураны тағайындау» деген нақтылау енгізуді ұсынғым келеді. Бұл осы баптағы әркелікілікті болдырмауға мүмкіндік береді», – деді ол.

Халық қалауысы ұсынған ұсынысты толық қолдаймын. Конституция отырысында айтылған өзге де ой-пікірлер көңілден шығады. Оның барлығы ескеріліп, жаңа мәтіндегі жаңа Конституция ел азаматтарының құқығын толықтай қорғайды деп сенемін.

Сәбетбек ЕРКІНБАЙҰЛЫ,
еңбек ардагері,
және Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы



● «САРАСӨЗ»



Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің «Сарасөз» медиаclubы тағылымды әңгімемен өрілген кезекті кездесуін өткізді. Бұл жолғы қонағымыз – ардагер-диктор Бақытжан Атагелдиев. Қазақ радиосында еңбек еткен, Нарынқол театрында актер, режиссер болып қызмет атқарған, Сарыбастау, Қайнар ауылдарындағы Мәдениет үйлерін басқарған кейіпкеріміз Мұқағали Мақатаев, Әнуарбек Байжанбаев сынды тұлғалардан бастап, қызметтес болған әріптестері жайлы естелігімен бөлісті. Белгілі ақын, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Кәдірбек Құныпияұлы ойға-ой қосып, жүздесуді өзі жүргізгіп отырды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

– Мұқағали Мақатаевтың камкорлығын көп көрдім. Өзім Қарасаз ауылында дүниеге келгенмін. Менің әкем – Жұмаділ деген кісі Мұқағали ағамның құрдасы еді. Екеуінің де әкелері соғысқа кетіп, жетім қалған, жастайынан араласып, бірге өскен тағдырлас жандар. 1969 жылы әкем денсаулығыма байланысты Алматыға алып келді. Ауруханаға жатардың алдында Мұқағали ағамның үйіне барып, қонғанбыз. Әкемнің қасымда қалуға уақыты болмады. Ота жасалғаннан кейін Мұқағали ағам: «Сен жұмысыңнан қалмай кете бер. Өзім қараймын», – деді. Ол кезде «Жұлдыз» журналында істейді. Күн сайын хал-жағдайымды сұрап, керек-жарағымды әкеп беріп кетеді. Ауруханадан шыққан соң, Нарынқолға қарай жүретін такси жүргізушімен сөйлесіп: «Әй, мына бала ауруханадан шықты. Бала деп орнын тартып алмаңдар. Қамкорлық жасап, алып барыңдар», – деп алдына отырғызып, шығарып салды. Бұл ақынның маған жасаған бірінші қамқорлығы еді.

1971 жылы оқуға тапсыруға Алматыға келдім. Ондағы білетін жалғыз қазағым – Мұқағали ағам. Ол кісі: «Өз күшіңе сен. Менен жәрдем күтпе. Өзімнің балам үшін де біреуге жүрме, көмек сұраған адам емеспін. Тәлейіңнен көресің», – деді. Содан бір айға жуық үйінде болып, емтиханға дайындалдым. Бірақ жолым болмады. Келесі жылы ҚазҰУ-дың филология факультетіне тапсырып, тағы сүріндім. Үш сабақтан бес алып тұрып, шет тілінен өте алмай қалдым. Содан Әуезов театры жанындағы студия емтихан қабылдап жатқанын біліп, сонда бардым. Онда Мұқағали ағамның өлеңін оқып, оқуға түстім.

Театр студиясының бірінші курсын бітіргеннен кейін ауылға демалысқа кеткенбіз. Мұқағали ағам аудандық газеттің редакциясына қонырау шалып: «Бақытжанды тауып, маған жіберіңдер. Радио дикторлыққа конкурс жариялап жатыр», – депті. Келуін келдім. Бірақ «Байжанбаевтардың қасында отыратын мен кіммін?» – деген күдігімді де айттым. Олардың атағы жер жарып тұрған кез. Сауық Жақанова, Мырзабек Қазтөбековтерді радиодан күні-түні естиміз. Онда бару маған мүмкін емес сияқты көрінді. Мұқағали аға: «Сөзді қой. Қатысасың», – деді. Конкурстан Аманжан Еңсебайұлы екеуміз өттік. Мұқағали ағамның тағы бір шапағаты сол болды. Әйтпесе радиоға келу қайда?!

Мен ақынның бір тапсырмасын орындамадым. «Сен Қазақ радиосына келдің. Небір қазақтың маркасқа азаматтарымен араласып,

түсті. «Без объявления» деп айтып едім, ана кісі күліп жіберіп: «Бала жас қой, зеріккен шығар», – деді. «Мына кісіні танысың ба?». «Жоқ, танымаймын». «Бұл кісі музыка редакциясының бас редакторы Илия Жақанов деген ағаң болады». Бір көрсем екен деп жүрген адаммен сол радиоға таныстым.

Тын игерудің 20 жылдығы деп 1974 жылы Мәскеуден Брежнев бастаған топ Қазақстанға келді. Үлкен той өтті. Олар кеткеннен кейін радиоға Дінмұхамед Қонаев келетін болды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері ешкімді кабинетінен шығармай, күзетіп жүрді. Байжанбаев қолымнан ұстап алып: «Менің қасымнан кетпе, қазір сені Қонаевпен амандастырамын», – деді. Бір уақытта Димаш атамыз кірді. Қазақ радиосының студиялары жертеде болатын. Сол жаққа қарай кететін жерде тұрмыз. Байжанбаевпен: «Әй, гүрілдегім, қалайсың?» – деп құшақтап, өзі амандасты. Мен қол беріп, амандық сұрадым. Денем ысып кетіп, бойыма нұр құйылғандай болды.

Мұның бәрі айналып келгенде сол Мұқағали ағамның жақсылығы ғой. Бойы да, сойы да келіскен, асқан келбетті, қазақ деген міне мынау деп мақтанып көрсететін адам еді. Жүзінен нұр төгіліп тұратын. Адамға

Бақытжан АТАГЕЛДИЕВ, Қазақ радиосының ардагер-дикторы:

«КҮНДЕЛІКТІҢ ПАЙДАСЫН КЕШ ТҮСІНДІМ»

тілдесесін. Күнделік жаз. Кейін саған керек болады», – деді. Мен болсам, ұмытпаймын деген сеніммен жүре беріппін. Кейін өкініп, бармағымды тістедім. Мұқағали жөнінде 4-5 естеліктің өзін әрең жаздым. Ойыма ештеңе түспейді. Күнделік болса, санама сәл қозғау салатын еді. Опера театрында Абай Байқабаев деген әнші болды. Ол кісі жайлы да кітап шығарарда қалам сілтей алмадым.

ренжіп, ашуланып тұрса да, түрінен еш жамандық көрінбейтін. Өмірде ұялшақ болатын. Бір нәрседен қысылып, қызарып кетіп, ыңғайсызданып қалатын. Жастар жанында топ-топ болып көп жүрді. Студенттер сабағынан қашып келіп, әңгімесін тыңдайтын. Содан кейін де шығар, туған күні ешкімнің тапсырмасынсыз-ақ кез келген мектепте аталып өтеді. Бұл Мұқағали ағамның ақындық құдіреті, қуаты,

Байжанбаев ағам: «Мен бірінші жолды оқығанда, астындағы екі-үш жолды көзім шалып отырады», – деп айтатын. Біз де соған үйрендік. Өйткені кішкене қате кетсе, таяқ жейтінін білесің.

Қазіргі кейбір радиоларда үндестік заңы, сөз ырғағы, тіл тазалығына мән бермейді. Бір кездері журфакта «Сахна тілі» деген сабақ жүретін. Белгілі дикторымыз Сауық Жақанова, Өнер академиясының профессоры Татьяна Наурызбаевалар дәріс оқыды. Мынау радиоға, мынау теледидарға жақын деп бейіміне қарай топтарға бөлетін. Біздің бір бағымыз – бұл пәнді театр студиясында меңгердік.

Бүгінде әншілер, блогерлер хабар жүргізгіш болып кетті. Эфирдің рейтингін көтеру үшін солай істейді екен. Ондағы шоу деген нәрсе біздің ұлттық дәстүрді, қазақты құрту үшін жасалған дүние сияқты көрінеді маған. Шоу емес, қалаймақан шу ғой. Бала-шағам көрмесе екен деп отырарсың.

Өр ақпарат көзінің өз орны бар. Мысалы, біз газетті ансап тұрамыз. Баяғыда бір жалақымызды қиып, бүкіл газет-журналға жазылатынбыз. Пошта қызметкерлері: «Сен өзі тамақ жейсің бе, қағаз жейсің бе?» – деп күлетін. Ал ғаламтор күн санап дамып барады. Арасында пайдалысы да, зияны да

– Нарынқолда Мақай Нұрқасов деген кісі болған. Қазақ өнерінің кемегері – Асқар Токпановтың шәкірті. Асанәлі Әшімов, Нұкөтай Мышбаева, Оспанхан Әубәкіров, Сайын Мұратбековтермен консерваторияның театр факультетінде бірге оқыған. Асанәлі Әшімовтің естелігінде: «Мақай болмаса, көбіміз оқи алмай, ауылға қайтар едік. Басқа ұлттың жігіттері ақшамызды тартып алып, киімімізді алып кетіп жүргенде жалғыз қорғаушымыз Мақай болды», – дейді. Өзгелерді қорғаймын деп жүріп, ақыры өзі арандады. Оқудан шығарып жіберді. Кейін елге барып, мұғалім болды, халық театрын ұйымдастырып өмір бойы өнерге еңбегін сіңірді. Туған жері Сарыбастаудағы Мәдениет үйі сол кісінің атына берсе, қандай ғанибет болар еді?!

Сол сияқты Мәкен Әлиасқаров деген талантты азамат болған. Үш жасында екі көзі шешек ауруынан көрмей қалған. Сөйтіп жүріп мектепті бітірген. Қазіргі Тараз қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне түсіп, сонда оқыған. Кейін мен радиоға диктор болып жүрген 70-жылдарда қазіргі Абай университетінің тарих факультетінде де білім алды. Сонымен бірге Жүсіпбек Елебековтің әншілік класын бітірді. Бір басында үш дипломы болды. Төрт кітап жазды.



Қазақ дикторларының ішінде тұңғыш Қазақстанның Халық әртісі болып, қазақтың Левитаны атанған өзімнің ұстазым Әнуарбек Байжанбаевтың 100 жылдығында он күн ойланıp жүріп әрең жаздым. Мұқағали ағамның айтқанын орындасам, қаншама естелік туар еді. Күнделік жазудың пайдасын кеш түсіндім.

«Шалқар» радиосында Жолымбет Кейкелов деген ағамыз болды. Жоғарғы кеңестің «Ведомостар» баспасында бас редактор болып отырған Кемел Тоқаевпен сұхбатқа келісіп қойған екен. Ертең барамын деген күні көшеде біреулер ұрып кетіп, көзі ісіп кетті. «Ей, бала, мені құтқар. Кемел Тоқаевқа барып, сұхбат жүргізіп кел», – деді. Мен журналист емеспін ғой дегеніме қараған жоқ, күні бұрын дайындап қойған сұрақтарын қолыма ұстата салды. Кемел Тоқаев аса парасатты, білімді, аристократ адам екен. Жазушы ретінде барлық шығармасын қызығып оқыды. «Шіркін-ай, бірге отырып сөйлесер ме еді» деп армандап жүргенмін. Сұхбат «Шалқар» радиосынан эфирге кетті.

Тағы бір көргім келген адам Илия Жақанов еді. «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» шығармалары, «Бейсен» деген соқыр композитор туралы жазғаны талай жүректі тебіренткен. Радиоға диктор болып жаңадан келген кезім. Кейде студияда отырғың келмей, «без объявления» деп жібере саламыз. Бір концертті солай жіберіп, дикторлар кабинетіне келсем, Сауық отыр. Қасында бір қара кісі бар. Сәкен: «Концертін қайда?» – деп қалды. Бір пәлеге қалдым-ау деп, ішім қылп ете

дүниеден адал өткені, жырларының кереметтігі шығар, – деген кейіпкеріміз әрі қарай өзі қызмет еткен жылдардағы радионың, телевидение мен газеттің жай-күйі және қазіргі беталысы жайлы кеңінен сөз қозғады

– Біз қызмет істеген жылдары радиоға тәртіп қатаң болатын. Ешқандай бөгде дыбыс болмауы керек. Не жазылды, соны оқисың. Кішкене ғана қателесіп кеткен жерің болса, сол үшін жауап бересің. «Шалқарда» Қатира Әзімбаева екеуміз концерт жүргізіп отырмыз. Әңгімеге айналып отырып, ол «Әшір Молдағайыновтың әйелі» дегенді «Әшір Молдағайыновтың әйелі» деп шатасты да, күліп жіберді. Микрофонды жауып үлгерме алмай қалдық. Екеуміздің де күлкіміз тікелей эфирде кетіп қалды. Қалай студиядан шықтық, «Мемлекеттік комитеттің орынбасары Хамит Қасеновке шақырып жатыр» деді. Қазіргі министрдің орынбасары мәртебесіндегі адам ғой. Құрыдық деп ойладық. Кіргеннен: «Сендерге республиканың эфирі ойыншық па? Не анау күлкі?» – деп дүрсе қоя берді. Содан бізді жарты жылдық сыйақыдан алып тастады. Ал осыдан кейін күліп көр. Ол заманда журналистердің өзін эфирге жібермейтін. Тек репортаж немесе сұхбаттарда ғана рұқсат беріледі. Хабар бірнеше бөлімнен өтіп барып бізге беріледі. Түп-тура эфирге шығардың алдында қазір ғана келді деп, қолына ұстата салатын кездер, кейде бір жарғылар болады. Ондай сәтте қатты алаңдап отырарсың. Кейін бірте-бірте оған да қалыптастық.

пьесасын алып баруымыз керек. Оразбек ағамның үйіне барып, мән-жайды айттым. «Жүр, мен сені Өзбекәлі Жәнібековке алып барамын», – деді. Мәдениет министрі бізді қабылдап, дереу көмекшісін шақырды. «Дәл қазір бос автобус бар ма?». «Біреуі тұр, қуыршақ театрына арналған». «Қуыршақ өлмейді, мына жігіттерге беріңдер», – деді. Үш күннен кейін Қырғыз еліне кеттік. Осылай Жәнібековтің жанашырлығын көргенбіз. Одан басқа талай министр болды ғой. Соның бірі Әуезов театрына келіп, «Тренировкеліңді» қашан бастайсыңдар?» деп айтты. Репетиция дегені ғой. Қазір де мәдениет, өнерден хабары жоқ адамдар билікке келіп, қалаймақан болып кеткен тәрізді.

Мен тұрған Қайнар ауылындағы Мәдениет үйінің екінші қабатына кезінде музей жасағанбыз. Қазақ үйден бастап, ұлттық нақыштағы бұйымдар бар. Бір күні Камалиденов келіп: «Мынау не? Өкімет керемет ғимарат салып берді. Жүн-жүрқа, киізбен не істегенсіңдер? Құртыңдар», – деді. Жап-жақсы музей еді. Өрен дегенде басын құрағанбыз. Үш күннен кейін Өзбекәлі Жәнібеков келді. Ол кісі: «Жақсы дүние екен. Әрі қарай дамыту керек. Орталық музейден арнайы маман жіберіп, қаржыландырамыз», – деді. Өз сөзінде тұрып, сол музейге ақша бөлгізді. Бұл тұтас қазаққа деген жанашырлығы деп білемін. Қазір сондай бір адам келсе, оңалып кетер ме едік?! – деп ақтарыла сөйлеген қонағымыз халыққа көп еңбегі сіңген, бірақ есімі ұмытылып бара жатқан жандар жайлы да тебірене әңгімеледі.

Қазақ радиосының алтын қорында жүзге тауау өзінің шығарған, орындаған әндері бар. Алматыдағы Зағиптар қоғамының Островский атындағы Мәдениет үйін басқарды. Туған жері – Төкестей Мәдениет үйіне атын беруді сұрап қаншама рет ұсыныс айттық, болмай жатыр. Талғарда Мұқанбек Бөрібаев деген азамат «Алатау аясында» деген үлкен ансамбль құрып, бүкіл қазақтың даласын әнге бөледі. Ол кісі жайлы да тырс еткен хабар жоқ, аты өшіп бара жатқандай сезіледі. Шонжыда Мұқанбек Оразбаев деген бір қолы жоқ өнер адамы болды. «Шалқоде ыстықсың сен маған» деген әнді осы кісі жазған. Қарадаланың өнеріне үлкен еңбек сіңірді. Райымбек ауданындағы Қайнар ауылында туған Шаймерген Әлдибеков деген ақын ағамыздың да қазір аты естілмейді. Қараойда Бітім деген азамат болды. Екі құлағы бітеу туған, аузын ашып тыңдайды. Баянда, аккордеонда, домбырада ойнайтын. Құдай талантты аямай берген ғажап музыкант еді. Балқаш өңірінде қаншама концерт өткізіп, байқауларға қатысып, орын алып, сол маңайды жандандырып, гүрлдеткен азамат. Өзімнің ұстазым Рахметбай Телеубаев – Шәкен Айманов бір-екі киноға шақырып, ешқандай актерлік оқуды бітірмей-ақ, Әуезов театрына актер болып кірген адам. Талай мықты рөлдерді сомдады. Шіркін, қандай ағаларымыз еді. Сондай жандарды жүрген жерлеріңізде іздеп-тауып, жазып, насихаттап жүрсеніздер, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазір Мәдениет үйлерінде маман таппыс. Кезінде республикалық, облыстық халық шығармашылық үйінің қызметкерлері аудан-аудан, ауыл-ауылды аралап, мәдениет жұмысын 2-3 ай сайын тексеріп отыратын. Жыл сайын көркемөнерпаздардың облыстық байқауы өтетін. Бір аудан сол сайысқа келмей қалса, идеологияны басқарып отырған басшы қызметімен қоштасатын. Кезінде Нарынқолда Шахман Есенаманов деген бірінші хатшы қызмет етті. Өр апта сайын аудан орталығында бір шаруашылық концерт өткізетін. Міне, сондай халыққа жаны ашитын адамдар болды, – деген қонағымыз соның арқасында қаншама өнерпаз, спортшы өз жолын тапқанын айтты. Өткен күн өрнектерін сөзбен кестелеп, өнегелі өмір иелері жайлы әңгімеге қанықтырды.

Сөз соңында: «Мұқағали ағамның елу жылдығында Нарынқолға бардық. Облыстық партия комитетінің бөлімінде: «Большевиктерден», «Коммунистерден» үзінді оқисың», – деп нақты айтты. Әбділда Тәжібаев жүргізіп тұр. Мен көрермен арасында отырмын. Бір уақытта сахнаға шақырды. Он минутта айтқандарын оқып бердім. Әрі қарай концертті жүргізуім керек. Сахнаның артына кетіп бара жатыр едім, Асқар Сүлейменов тоқтатып алып, былай деді: «Коммунист» пен «Большевике» нең бар? Неге «Жапырақ жүрек жас қайыңды» немесе «Қара өлеңді» оқымайсың?». Мен партияның тапсырмасы солай екенін айтып ақталып едім: «Олар сенен микрофонды жұлпып ала ма? Өз қолыңда тұрған жоқ па бәрі? Концертті сен жүргізібейсің. Мұқана бір қызмет жасайың», – деп тізгінді өзі алды. Содан кейін кез келген концертті Мұқағали ағамның «Қара өлеңімен» бастайтын болдым», – деген Бақытжан Атагелдиев кездесуді ақық ақынның рухты өлеңімен қорытындылады.

БАПҚЕР ДАҢҚЫН АСЫРДЫ

*Кітапхана – кемел келешекті қалыптас-
тыратын рухани қазына, білім ордасы. Ауылдық
жерлерде кітап оқу залдарын жаңғырту, кітап
оқу мәдениетін дамыту ісі қайта жанданып келе
жатқанын қуантанды. Осы игі бастама аясында
Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылында жаңа кітапхана
есігін айқара ашты. Салтанатты шара ақын,
әнші, сазгер, ағартушы, Алаш зиялысы Қапез
Байғабылұлының туғанына 130 жыл толуымен
түспә-түскелді.*

Кітап – білім бұлағы

Мерейтойлық кешті мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дана Төлеуова мазмұнды баяндамамен ашты. Мектеп оқушылары Инабат Құсайын, Елдар Ернарұлы, Толғанаш Шеріпакын мен Мейрамбек Нөкербек Қапез Байғабылұлының өлеңдерін жатқа оқып, ақын мұрасын жаңғыртты.

Іс-шара барысында Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев құттықтау сөз сөйлеп, аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғыман, облыстық орталық әмбебап кітапханасының директоры Ғалия Сламбайқызы, ғалым-педагог, жазушы Сағатбек Медеубекұлы кітапсүйер қауымға ақжарма тілектерін жеткізді.



Қазеп Байғабылұлының 130 жылдығына арналған концертте Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры Нұрлан Сағынай бастаған өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашты. Кітапханаға ғалым Сағатбек Медеубекұлы 200 кітап сыйласа, «Ауылға камқор азаматтар қоры» атынан 600 кітап тарту етілді. Ал жазушы, журналист Қанағат Әбілқайыр бұл жолы мектеп кітапханасына 170 кітап байғазы берді. Сонымен қатар өзге мектеп кітапханалары мен ауыл тұрғындары тарапынан да ғылыми және көркем әдеби кітаптар жиналып, кітапхана қорын байыта түсті.

Жаңа кітапхана болашақта ауыл тұрғындары түрлі сала бойынша білім алатын рухани орталыққа айналады деп сенеміз. Сондай-ақ ауыл жастарының пікірталас алаңына, кітап оқу, мазмұндама айту сайыстары мен мүшарыралар, поэзия кеші өтетін мәдени ошақ болмақ. «Өсетін ел кітаппен дос болады, кітаппен дос болған елге кетпейтін бақ қонады», – деп ойымды қорытындылағым келеді. Ауыл руханияты мен жастардың білімін дамытуға үлес қосып жүрген барша азаматтарға кітапхананың ретінде шексіз алғыс білдіремін. Оқырмандар саны көбейіп, Тоғызбұлақ білімді әрі кітапсүйер ауыл атансын!

Гауһар ТІКЕБАЕВА,
Қазіргі Байғабұллы атындағы
мектептің кітапханашысы
Кеген ауданы

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысының Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бөлінісін анықтау жерлерде орналасқан «Илийск (№1, №2, №3 ұонаекелері)» құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «The best stone» ЖШС, БСН: 240940022804, мекенжайы: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылы, «Есік-Береке БҚ» Тұтыну кооперативі, Аллеса 2, 78 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында табыса болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)232227. Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течение 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и IP ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к планам ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Илийск (участки №1, №2, №3)», расположенных на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «The best stone», БИН: 240940022804, адрес: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есик-Береке», Аллея 2, дом 78, тел: 87775870009, sek 2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и IP ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(7272)232227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-Тас 2» құм-кирпірілік тас қоспасы кең орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген кезеңеттің бастамашысы: «AIDYN TAS» ЖШС, БСН: 240240001638, мекенжайы: Алматы қаласы Медеу ауданы Бригадная көшесі, 29 үй, тел: 87757870099, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсынстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны зерілеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@gmail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru, Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течение 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР nbd ecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-Тас 2», расположенного в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «AIDYN TAS», БИН: 240240001638, адрес: г.Алматы, Медеуский район, ул.Бригадная, дом 29, тел: 8775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР nbd ecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте nbd ecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(7272)232227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

Талғардағы №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, «Парасат» орденінің иегері, ересектер арасындағы КСРО күресушінің жеңімпазы Боранбек Қоңыратовтың құрметіне арналған 2011-2013 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өтті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Аталан жарысқа Қазақстан-ның барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардан, сондай-ақ Қырғызстан мен Өзбекстаннан 20 команда, 300-ге жуық жас балуан қатысты. Олар 38 келіден 85 келіге дейінгі 10 салмақ дәрежесінде бөзкілемде белдесті.

Боранбек Қоңыратов – грек-рим күресінен Қазақстандағы ең танымал жаттықтырушылардың бірі. Ол ондаған жылын осы салаға арнап, еліміздің ең мықты балуандарының тұтас бір буынын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілігімен Лондон Олимпиадасының күміс жүлдегері Демеу Жадыраев пен 2012 және 2016 жылдардағы Олимпиада ойындарының қатысушысы Алмат Кебісбаевтай Қазақстан Республикасының екі еңбек сіңірген спорт шебері дайындалды. Сондай-ақ дарынды бапкер халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған 13 балуанды тәрбиеледі. Олардың қатарында әлемге танымал Дархан Баяхметов, Ербол Қоңыратов, Ербол Камалиев, Олжас Сұлтан және басқа да спортшылар бар. Ең бір қуаныштысы, халықаралық дәрежеде өткен ашық турнир Боранбек Теміргалиұлы шәкіртерінің бастамасы және демеушілік қолдауымен ұйымдастырылды.

Ондағы мақсат – даңқты бапкердің елімізде грек-рим күресін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесіне құрмет көрсету, жас спортшылардың шеберлігі мен жарыс тәжірибесін арттыру,



болашағы зор балуандарды анықтау және қолдау, әртүрлі елдер мен өңірлердің командалары және спорт мектептері арасындағы байланысты нығайту, жаттықтырушылар мен спортшылар арасында тәжірибе алмасу.

Әрине, грек-рим күресі, жалпы спортқа қызығатын отандастарымыз Боранбек Қоңыратовтың оның бұл салаға сіңірген еңбегін жақсы білетіні анық. Десе де, қалың оқырманға тағы бір рет таныстыра кеткен

Екі күн бойы аса тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Кыргызстан Республикасының балуандары бірінші орынды жеңіп алса, Ақтөбе облысының жасөспірім спортшылары – екінші, ал турнир қожайыны саналған Алматы облысының грек-рим күресімен айналасатын кіші жасөспірімдері үшінші орынды иемденді.

Данқты бапкер Боранбек Қоңыратовтың құрметіне арналған ашық турнир жоғары деңгейде өтті. Жасөспірім балуандардың көбі нағыз спортшыға тән қайсар мінез, жеңіске деген жігер, елімізге енебек сіңірген спорт қайраткерінің лайықты ізбасарлары қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Жарыс жеңімпаздары чемпиондық белбеу және тиісті дәрежедегі медаль, сондай-ақ грамотамен марапатталды.

С 23.02.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к планам ликвидации последствий недопользования на месторождении строительного камня «Нура-2 (участки №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11)», расположенных на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности по участкам №1 и №8:
 ТОО «The Golden Steppe», БИН: 250240031364, адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Коктал, мкр. «Ай-Абылай», ул.2 Койынбаева, дом 50, тел: 87775870000, e-mail: 2006@mail.ru

Инициатором начемаймой дзейнасці па участку №2: ТОО «Қонаев Тас», БИН: 2510400001734, адрэс: абласць Жетісу, Кербулакскі раён, сёло Каспан, в.л.Абай, дом 7, кв.2. тэл: 87775870009, сеk 2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №3: ТОО «Құм-Көл Капитал», БИН: 250240025022, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, ул.А.Сагеева, дом 28 «Г», 877547888888, 877547888888.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №4: ТОО «Строй камень Конаев», БИН: 250940013282, адрес: Алматинская область, Талгарский район с.Бесараг ул.Астана дом 28 тел: 87775870009

Инициатор намечаемой деятельности по участку №5: ТОО «The golden farm», БИН: 250240034775, адрес: Алматинская область,

Инициатор намечаемой деятельности по участкам №6 и №7:
ТОО «Rich Bank» БИН: 2502400372327, адрес: Алматы, город

Инициатор намечаемой деятельности по участку №9:

ТОО «Байлык Тас», БИН: 250240011697, адрес: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есик-Береке», Аллея 2, дом 78, тел. 0775555555, e-mail: 2006@yandex.kz


Инициатор намечаемой деятельности по участку №10:
ТОО «Mountain Stone», БИН: 251140005463, адрес: область
Жетісу город Талдықолған улица М.Толбаева дом 100 кв. 22

Инициатор намечаемой деятельности по участку №11: ТОО «Ile Stone», БИН: 250440019692, адрес: Алматинская область, Талгарский

Ознакомьтесь с материалами проекта можно на сайте
информационной системы НЕД СОС и PR ndb.sos.ru

Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.
Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.»,
тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru.
Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

 ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ Бас редактор: Қуаныш ТҰНҒАТАР	Меншікті тілшілер: Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55 Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32 Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12 Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11 Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83 Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22 Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71 alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41 <i>Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.</i>	Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді «Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № ҚЗ22ҰРҰ0086933 куәлігі берілген. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. Тапсырыс – 148 «Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792. Кезекші редактор: Гүлзат БАЙҚОНЫС
---	--	--	---